

Гильманова А.Ж.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

**АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДА ШАРУА (ФЕРМЕР) ҚОЖАЛЫҚТАРЫН
ҰЙМДАСТЫРУДЫ ЖАҚСARTY ЖОЛДАРЫ**

Андатпа. Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы ел экономикасында маңызды рөл атқаратындықтан, Атырау облысының мысалында шаруа (фермер) қожалықтарын жүргізудегі кемшіліктердің орнын толтырып, әр алқапты ұйымдастыру жүйесін мемлекеттік деңгейде қарастыра отырып дамыту қажет.

Кілт сөздер: шаруа (фермер) қожалығы, ауылшаруашылық жерлерін тиімді пайдалану, түгендеу, жер пайдалану, ауылшаруашылық алқаптар.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы аграрлық секторды алға қойып, ауыл шаруашылығын дамытуға ерекше көңіл бөлуде. Осыған сәйкес елімізде шаруа (фермер) қожалықтарын ұйымдастыру экономикамызды жоғары сатыға көтеруде маңызды рөл атқарады.

Жер учаскелері шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін Қазақстан Республикасының азаматтарына жеке меншік құқығымен немесе уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығымен 10 жылдан 49 жылға дейінгі мерзімге, ал шалғайдағы мал шаруашылығын жүргізу үшін (маусымдық жайылым) уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығымен Жер Кодексіне және Қазақстан Республикасының шаруа (фермер) қожалығы туралы заңдарына сәйкес беріледі [1].

Шаруа немесе фермер қожалығы туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылдың 31 наурыздағы № 214-1 Заңының 1-бабына сәйкес, адамдардың жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыруы ауыл шаруашылығына арналған жерлерді ауыл шаруашылығы өнімін өндірумен, сондай-ақ осы өнімді ұқсатумен және өткізумен тығыз байланысты еңбек бірлестігі шаруа немесе фермер қожалығы деп танылады [2].

Атырау облысында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер көлемі 2012 жылдың 1 қарашасына 1976225 гектарды (облыс аумағының 16,6%-ы) құрайды. Соның ішінде 986262 га жер шаруа (фермер) қожалықтарының үлесіне тиеді. Алайда осы салада шаруашылық жүргізуде көптеген қиыншылықтар мен кемшіліктер кездеседі.

Махамбет ауданы Атырау облысының ауыл шаруашылықпен айналысуына қолайлы аймақтардың бірі болып табылады. Сол себепті облыстың басқа аудандарына қарағанда аталған ауданда шаруа (фермер) қожалығын жүргізу жетекші рөл атқарады. Махамбет ауданы жер қоры 2012 жылдың 1 қарашасына 961718 га, оның ішінде 173521 га ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлердің үлесіне тиесілі. Ал шаруа (фермер) қожалықтарының жер көлемі 118563 гектарды құрады. Атырау облысы статистика Департаментінің мәліметтеріне сүйенсек, Махамбет ауданы шаруа қожалықтарының саны соңғы бес жыл көлемінде айтарлықтай өзгеріп отырған (Кесте 1) [3].

Кесте 1 – Шаруа қожалықтарының алқап бойынша соңғы бес жылдықтағы көрсеткіштері

Жыл-дар	Жерпайдаланушылар мен иеленушілер саны	Жалпы көлемі, га	оның ішінде				
			егістік	Көпжылдық екпелер	тың жер	шабындық	жайылым
2008	567	113053	881		1585	2576	107013

2009	639	117448	889		1783	2546	111233
2010	612	122475	852	24	2070	2360	116158
2011	550	105830	825	24	2008	2198	99774
2012	571	118563	685	24	367	2250	114243

Жоғарыда көрсетілгендей, ауданда шаруа қожалықтарының көп бөлігі жайылымдық жерлердің үлесіне тиесілі, яғни мал шаруашылығы жақсы дамығандығын көрсетеді. Махамбет ауданы шаруа қожалықтары жерлерінің 96%-ын жайылым жерлер, ал 2%-ын шабындық жерлер алып жатыр. Шабындық жерлердің өнімділігі табиғи жауын-шашын көлемі мен Жайық өзенінің көктемдегі су тасу деңгейіне байланысты. Ал құрғақшылық кезінде оның өнімділігі өте аз болады. Сонымен қатар Махамбет ауданының егістік жерлері мен тың жерлердің пайдаланылуы соңғы жылдары тым төмендеп келеді. Көпжылдық екпелер де бес жыл ішінде өзгеріссіз қалыпта тұр.

Көптеген жерлер пайдалануға мемлекеттен берілгенімен, көп жағдайда қожалықтар күтілген нәтиже бермейді немесе сол мақсатқа арналған жерлер мүлдем қолданыстан шығып қалған. Алайда шаруа немесе фермер қожалықтарының айтарлықтай өнім өндіріп, табыс табуына да кедергі келтірер бірнеше себептері бар екені сөзсіз.

Атырау облысы Махамбет ауданының ауылшаруашылық айналымға түскен ауылшаруашылық алқаптарын түгендеукезінде бірнеше пайдаланылмайтын жер учаскелері анықталды (Кесте 2) [4].

Кесте 2 – 2012 жылдың 1 қарашасына Атырау облысы Махамбет ауданы ауылшаруашылық алқаптарының пайдаланылмайтын жер учаскелері

Селолық округ аттары	Барлық ш. алқаптар, га	оның ішінде			
		егістік	тың жерлер	шабындық	жайылым
Ақжайық	28		16		12
Ақтоғай	3404	3	174		3227
Алға	652		3		649
Алмалы	1763	7	91	34	1631
Бақсай	3847		21	400	3426
Есбол	3500		44	26	3430
Жалғансай	1656	29	40		1587
Махамбет	339		1		338
Сарайшық	3216	3	72		3141
Сарытоғай	146				146
Бейбарыс	782		16		766
Барлығы аудан бойынша	19333	42	478	460	18353

Кестеде берілгендей, аудан бойынша ең көп Есбол селолық округінің 3500 га алқабы, оның ішінде 3430 га жайылым жерлері, Жалғансай селолық округінің 29 га егістік жері, Ақтоғай селолық округінің 174 га тың жерлері, Бақсай селолық округінің 400 га шабындық жерлері қолданыстан шығып қалған. Мұндағы тың жерлер мен егістік жерлердің пайдаланылмауының ең басты себебі сумен қамтудың жеткіліксіздігі болып табылады. Суды көтеру механикалық әдіспен жүзеге асатындықтан су жеткізуде үлкен

шығындарға кезігуде. Жайылымдардың пайдаланылмау себебі шаруа қожалықтарында кепіл мүлкінің жоқтығымен байланысты кредиттік ресурстарға қол жетімсіздігі болып табылады. Ал ауылшаруашылық өнімдерін өндіруде еліміздің оңтүстік аудандары, Ресей және Өзбекстаннан алынатын тауарлармен бәсекеге түсуге тура келеді. Сол себепті көп шаруашылықтар өз өнімдерін өндіруін тоқтатты.

Жоғарыда келтірілген олқылықтардың орнын толтыру үшін ең алдымен, ауылшаруашылық құрылымдарды тиімді пайдалану мақсатында табиғи мал азықтық алқаптарын қолдануды жақсарту қажет. Ауданда мал шаруашылығы дамығандықтан, маусымдық жайылымдарды пайдалануды қатаң сақтаған жөн. Шөптесін өсімдіктердің жақсы шығуын жүзеге асыру үшін шаралар қолданып, шабындық айналымын қалыптастыру керек. Шабындық алқаптарын пайдалануда жауаптылықты қамтамасыз ету үшін нақты жер пайдаланушыларды сайлап, соларға міндет арту қажет. Сонымен қатар, егістік пен тың жерлердің игерілуіндегі су тапшылығы мәселесін мемлекет көлемінде талқылап қолға алу керек. Аталған мәселелер өз деңгейінде шешімін тауып жатса, бір ауданның жетістігі бүкіл мемлекет көлемінде басқа да шаруа (фермер) қожалықтарындағы кемшіліктерді жоюдың алғышарты болуы мүмкін.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы №442-ІІ «Жер Кодексі».
2. «Шаруа (фермер) қожалығы туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылдың 31 наурыздағы № 214-І Заңы.
3. Статистикалық жинақ. Атырау облысы статистика Департаменті, 2012 ж.
4. Атырау облысы Махамбет ауданы ауылшаруашылық жерлерін түгендеу нәтижесі бойынша мәліметтер, 1 том, 2012 ж.

Гильманова А.Ж.

ПУТИ УЛУЧШЕНИЯ ОРГАНИЗАЦИИ КРЕСТЬЯНСКИХ (ФЕРМЕРСКИХ) ХОЗЯЙСТВ АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

Организация крестьянских (фермерских) хозяйств Атырауской области должна рассматриваться через систему внутривладельческой организации сельскохозяйственных угодий на республиканском уровне, так как сельское хозяйство является одной из ключевых факторов развития экономики страны.

Ключевые слова: крестьянское (фермерское) хозяйство, рациональное использование земель сельскохозяйственного назначения, инвентаризация, землепользование, сельскохозяйственные угодья.

A. Gilmanova

WAYS OF IMPROVEMENT OF PEASANT FARMING ORGANIZATION IN ATYRAU REGION

The organization of the peasant farming of Atyrau region should be seen through the organization farm agricultural land at the national level as agriculture is one of the key factors of the economy.

Key words: peasant farming, rational use of lands of agriculture, inventarization, land use, agricultural lands.